

Қарасай Жандосов ауылдық округі Шалқар ауылының көшелері атау беру

Алматы облысы Қарасай ауданы Жандосов ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 9 шілдедегі № 60 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жандосов ауылдық округі Шалқар ауылының халқының пікірін ескере отырып және 2025 жылғы 11 маусымдағы Алматы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, Қарасай ауданы Жандосов ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жандосов ауылдық округінің Шалқар ауылының көшелеріне келесі атаулар берілсін:

1) Шалқар ауылының оңтүстік батысында орналасқан бірінші көшеге "Қазанат", екінші көшеге "Ақжібек", үшінші көшеге "Ақбөкен", төртінші көшеге "Бозқараған", бесінші көшеге "Салқынбел", алтыншы көшеге "Алдаспан" көшесі; Шалқар ауылының солтүстік шығысында орналасқан бірінші көшеге "Ақтерек", екінші көшеге "Кербез", үшінші көшеге "Ақберен", төртінші көшеге "Көктөрек" көшесі; Шалқар ауылының оңтүстік шығысында орналасқан бірінші көшеге "Жержидек"; екінші көшеге "Кеменгер ", үшінші көшеге "Ақжелкен", төртінші көшеге "Байтақ", бесінші көшеге "Бірлік", алтыншы көшеге "Жас қыран", жетінші көшеге "Жерұйық", сегізінші көшеге "Ақжелең " көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және алғаш ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күннен соң қолданысқа енгізіледі.

Жандосов ауылдық округінің әкімі

А. Жамбауов